



2011 жылы қабылданды, соңғы редакциясы 2018 жылы жасалды.

## **БИЗНЕС-ӘРІПТЕСТЕРГЕ АРНАЛҒАН ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ**

### **БИЗНЕСТІҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ЖҮРГІЗІЛУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Tele2 компаниясы өз ісін ең жоғары әдеп стандарттарына сәйкес жүргізуге тырысады. Осы Бизнес-әріптестерге арналған іскерлік әдеп кодексін (бұдан әрі - Кодекс) әзірлеуіміздің себебі – барлық бизнес-әріптестерімізге олардан нені күтетінімізді түсіндіру болып табылады.

Tele2 өзінің бизнес-әріптестеріне мынадай талаптар қояды:

- осы Кодексті оқып-түсіну;
- оны жазбаша немесе электрондық түрде растау;
- Кодекстің орындалуын және онда көрсетілген бағытта жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

## МАЗМҰНЫ

<b>БИЗНЕС-ӘРІПТЕСТЕРГЕ АРНАЛҒАН ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ.....</b>	<b>1</b>
<b>БИЗНЕСТІҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ӘДЕП СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ЖҮРГІЗІЛУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ .....</b>	<b>1</b>
<b>Кіріспе.....</b>	<b>3</b>
<b>Кодекстің негізгі қағидаттары .....</b>	<b>3</b>
<b>Кодекстің қолданылу аясы.....</b>	<b>3</b>
<b>Кодекс және заңнаманың орындалуы.....</b>	<b>3</b>
<b>Өнімдер мен қызметтердің қауіпсіздігі .....</b>	<b>4</b>
<b>Клиент деректеріне қол сұқпаушылық .....</b>	<b>4</b>
<b>Клиенттердің қауіпсіздігі .....</b>	<b>4</b>
<b>Электромагниттік өрістің әсері.....</b>	<b>4</b>
<b>Жеткізушілер және сатушылар .....</b>	<b>4</b>
<b>Бизнестің адалдығы.....</b>	<b>5</b>
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет .....</b>	<b>5</b>
<b>Адал бәсекелестік .....</b>	<b>5</b>
<b>Мүдделер қайшылығы .....</b>	<b>5</b>
<b>Қаржы есептілігі.....</b>	<b>6</b>
<b>Корпоративтік басқару .....</b>	<b>6</b>
<b>Адамды құрметтеу .....</b>	<b>6</b>
<b>Әділ жұмыс жағдайлары .....</b>	<b>6</b>
<b>Балаларды қорғау.....</b>	<b>7</b>
<b>Алуан түрлілік және инклюзивтілік.....</b>	<b>7</b>
<b>Жалақы және сыйақы төлеу.....</b>	<b>7</b>
<b>Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.....</b>	<b>7</b>
<b>Қоршаған орта .....</b>	<b>7</b>
<b>Бұзушылық туралы хабарламалар .....</b>	<b>8</b>
<b>Орындалуын бақылау .....</b>	<b>8</b>
<b>1-қосымша Іскерлік әдеп кодекстінің негізгі қағидаттары.....</b>	<b>9</b>
<b>2-қосымша Экологиялық стратегия .....</b>	<b>10</b>
<b>Стратегия .....</b>	<b>10</b>



2011 жылы қабылданды, соңғы редакциясы 2018 жылы жасалды.

## **Кіріспе**

Tele2 компаниясы қандай ұйымның табыстылығы мен сәттілігі ол жұмыс істейтін қоғамдардың табыстылығы мен сәттілігіне байланысты болады деген пікірді ұстанады. Қоғамның тұрақты дамуы және бизнес жүргізудің салауатты әдістері бір-бірімен тығыз байланысты. Өміршең бизнес үлгісін сақтап қалу және бұдан да жақсы қоғам қалыптастыруда қолғабыс ету үшін біз істеп жатқан жұмысымыз қоршаған ортаға қандай әсер беретіні үшін жауапкершілікті тартуымыз керек. Бизнес-әріптестер – біздің жұмысымыздың маңызды құраушылары болып табылатындықтан, олардың бізбен бір бағытта әрекет ететіні аса қажет.

Tele2 біздің барлық операцияларымызда және күнделікті ісімізде оңтайлы іскерлік қарым-қатынас тәжірибесін орнату үшін бар күшін салып еңбек етуде. Дәл осы себепке байланысты Tele2 ісіміздің қалған барлық қырларына қалай қараса, корпоративтік жауапкершілікке де солай қарап, икемділік, шығындар есебі, сапа, ашықтық және әрекеттілік қағидаттарын басшылыққа алады. Tele2 Way деп осыны айт!

Осы Бизнес-әріптестерге арналған іскерлік әдеп кодексі Tele2 компаниясында қабылданған және компанияның өзіне, оның қызметкерлеріне, басқарушы топ мүшелеріне және директорлар кеңесіне таралатын іскерлік әдеп кодексінің негізінде жасалған. Tele2 өз жұмысында ұстануға тырысатын қағидаттар осы құжатта қамтылған. Егер осы құжатта келтірілген барлық талаптар мен ұсыныстардың мәнмәтінінде қандай да өзге мағына айқын көрініп тұрмаса, олар бірдей дәрежеде бизнес-әріптестерімізге де қатысты айтылады.

## **Кодекстің негізгі қағидаттары**

Осы Кодекс Біріккен Ұлттар Ұйымының Ғаламдық шартында (UNGC) көрсетілген он қағидатқа негізделген. Бұдан да толық ақпаратты 1-қосымшадан көруге болады.

## **Кодекстің қолданылу аясы**

Tele2 ұсынатын тауарлар мен қызметтер бизнес жүргізудің әдеп нормаларына сәйкес шығарылуы мен көрсетілуі маңызды. Сондықтан Tele2 бұл Кодекс, тауар шығаратыны немесе қызмет көрсететініне қарамастан, барлық бизнес-әріптестерінің ұйымдарында (бұл терминге филиалдар, жеткізушілер, қосалқы жеткізушілер және сатушылар кіреді) қолданылады және орындалады деп сенеді.

## **Кодекс және заңнаманың орындалуы**

Tele2 жұмыс істейтін әр елдің заңнамасын сақтайды. Бұл Кодекс минималдық талаптарды анықтайды. Егер басқа да жергілікті, ұлттық немесе халықаралық заңдардың ережелері осы Кодекстің ережелерімен салыстырғанда, Корпоративтік Жауапкершілікке (бұдан әрі КЖ) қатысты бұдан да қатал талаптарды көздесе, олар соңғыларынан басым саналады. Заң да, Кодекс те қажетті шешімнің шығарылуын қамтамасыз етпейтін жағдайларда БҰҰ

Ғаламдық шартының қағидаттарын басшылыққа алған жөн. Осы Кодекс пен орындалуы міндетті жергілікті заңның арасында қарама-қайшылық анықталған жағдайда, жергілікті заңды басшылыққа алған жөн.

## **Өнімдер мен қызметтердің қауіпсіздігі**

Tele2 жоғары сапалы қызметтерді тиімді бағамен ұсына отырып, клиенттерді өзіне қаратып, ұзақ мерзімді қарым-қатынас құрады. Бұған кез-келген әрекетте адалдық пен қиянат жасамау қағидаттарын ұстанудың арқасында қол жеткізеді. Біздің ақпараттық материалдарымызда көрсетілетін немесе біздің қызметкерлеріміз бетпе-бет мәлімдейтін маркетингтік және жарнамалық хабарламаларымыз әрдайым нақты, шынайы және міндетті заңдардың талаптарына сәйкес келеді.

## **Клиент деректеріне қол сұқпаушылық**

Tele2 өз жұмысының барысында клиенттердің деректерін өңдеу және сақтау үшін оларға қатынау мүмкіндігіне ие болады. Осы деректермен жұмыс істей отырып, Tele2 компаниясы және оның бизнес-әріптестері Tele2 клиенттерінің жеке деректері мен жеке өміріне қол сұқпаушылық құқығын ескере жүруі тиіс.

Tele2 сөз бостандығы жөніндегі заңдар мен қаулыларды, жеке өмір және жеке ақпаратқа сол сұқпаушылық құқықтарын, сондай-ақ жеке деректерді сақтау туралы қолданыстағы заңдарды орындайды. Tele2 жеке ақпаратқа қандай да рұқсатсыз қатынау әрекетінің алдын алу үшін бар күшін салатын болады. Tele2 клиенттердің жеке деректерін қолданыстағы заңнамаға толық сәйкестікте өңдейді. Tele2 компаниясына жеке деректерін хабарлайтын клиенттер мен қызметкерлер бізге сенім артуы тиіс, біз болсақ, бұндай нәтижеге бизнес-әріптестерімізбен әрекеттесе отырып қана қол жеткізе аламыз.

## **Клиенттердің қауіпсіздігі**

Tele2 компаниясы ұсынатын байланыс қызметтерін алаяқтықпен және арам ниетпен қолдануға белсенді түрде қарсылық көрсетеді. Сондықтан Tele2 қажетсіз ақпаратқа қатынау мүмкіндігін бермейтін құралдарды ұсынады. Балалар мен жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін әсіресе мұқият шешеміз.

## **Электромагниттік өрістің әсері**

Жұмыс істеп тұрған электр жабдығы электромагниттік сәуле шашып, электромагниттің өрістер (ЭМӨ) шығарады. Tele2 компаниясы өз желілерімен байланысты ЭМӨ қатысты тиісті билік органдарының ұсыныстарына ереді.

## **Жеткізушілер және сатушылар**

Tele2 компаниясы жеткен табысының маңызды құраушысы оның жеткізушілермен, сатушылармен және дилерлермен келісімшарттық қарым-қатынастары болып табылады. Сатушыларды/жеткізушілерді таңдау және сатып алу жөнінде шешім қабылдау объективті түрде және Tele2 компаниясының мүдделерін барынша сақтай отырып, сондай-ақ шығындардың бағасын, талаптардың орындалуын, жеткізілімнің болжамды мүмкіндіктерін, сапаны және басқа да сүйемелдеуші факторларды ескере отырып, мәміленің ең жақсы шарттармен жасалуына тырыса отырып орындалуы тиіс.

Tele2 компаниясының талаптарына сәйкес іскерлік шешімдер үшінші тұлғалардың қандай да негізсіз әсерінен бос болуы тиіс. Tele2 компаниясының сатып алу



2011 жылы қабылданды, соңғы редакциясы 2018 жылы жасалды.

жөніндегі шешімдеріне заңсыз әсер етуге тырысқандығы дәлелденген жеткізушілер мен сатушылар Tele2 компаниясымен болашақта орындалатын барлық мәмілелерден шеттетіледі.

## **Бизнестің адалдығы**

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет**

Tele2 компаниясының қызметкерлері мен директорлар кеңесінің мүшелері жеке басының пайдасын ойлау қамымен, қандай да үшінші тұлғаға өкілдік шығындар мен орынды қонақжайлық секілді көпшілік қабылдаған іскерлік қарым-қатынас тәжірибесінің шегінен тыс шығатын заңсыз артықшылықтарды тікелей де, жанама да түрде ұсынуға, беруге, сұрауға және қабылдауға құқылы емес. Бизнес-әріптестер Tele2 компаниясы үшін орындайтын жұмысқа қатысты тура сондай стандарттарды ұстану керек .

Көптеген елдерде мемлекеттік қызметкерлерге немесе лауазымды тұлғаларға сыйлық тарту немесе қандай да жеңілдік беру заң бұзушылық болып саналады. Tele2 компаниясының бизнес-әріптестері өз бастамасымен немесе Tele2 компаниясының атынан шенеуніктерге немесе үкіметтік мекемелердің қызметкерлеріне қандай да сыйлықтар немесе ақша ұсынбайды. Заңмен рұқсат етілуі шартымен, ақшалай құны шектеулі шағын сыйлықтар саналмайды.

### **Адал бәсекелестік**

Tele2 компаниясы адал бәсекелестік және нарықтардың ашықтығы қағидаттарын қатаң ұстанады. Біздің сәттілігіміздің негізі – бұл монополизмді құрту. Біз еркін және адал бәсекелестік бізге пайдалы екеніне, және Tele2 тобына тиімді бағамен жоғары сапалы байланыс қызметтерін ұсынуына мүмкіндік беретініне әлі де сенімдіміз. Сәйкесінше, Tele2 компаниясы және оның бизнес-әріптестері де монополияға қарсы заңнама талаптарын сақтауы, мысалға, құпия сөз байласуға және монополия салдарынан нарыққа шығу мүмкіндігін шектеуге қатыспауы тиіс.

### **Мүдделер қайшылығы**

Tele2 компаниясы іскерлік шешімдер қабылдаған кезде мүдделер қайшылығына жол бермей, барлық шешімдердің Tele2 мен оның бизнес-әріптестерінің мүдделеріне сәйкес қабылдауы керек. Жеке қарым-қатынастар мен пікірлер Tele2 қызметкерлері шешім қабылдаған кезде ешқашан әсер етпеуі тиіс. Бұл Tele2 қызметкерлерінің ғана емес, Tele2 қызметкерлерінің ағайын-туыстары мен достарының да әлеуетті пайдаларына қатысты. Tele2 компаниясының бизнес-әріптестері онымен өзара (әлеуеттік) әрекеттестік кезінде пайда болуы мүмкін мүдделер шиеленісін дер кезінде анықтап, бұл жөнінде Tele2 компаниясына хабарлау керек.

Tele2 компаниясының бизнес-әріптестері мүдделер шиеленісі қаупіне жол бермеу мақсатында Tele2 қызметкерлері үшін мынадай ережелер шығарылғанын білуі тиіс:

- компанияның жазбаша рұқсатынсыз қызметкерлер Tele2 компаниясынан тыс жерлерде қандай да сипатта (мысалға, штатта, кеңесші ретінде немесе директорлар кеңесінің құрамында) жұмыс істеуге құқысыз;

- мүдделер шиелінісің қандай да болмашы қаупі болса да, қызметкер бұл жөнінде өз басқарушысын дереу хабардар етуге міндетті.

## **Қаржы есептілігі**

Tele2 қатаң бухгалтерлік есеп қағидалары мен стандарттарын (ХҚЕС) сақтауға, толық және анық қаржы есептілігін тапсыруға және бухгалтерлік есеп пен қаржы есептілігінің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігіне кепілдік беру үшін жеткілікті ішкі байланыс және басқару құралдарына ие болуға міндетті. Tele2 компаниясының бизнес-әріптестері Tele2 ұстанатын қағидаттарды мен ол әрекет ететін бағытта жұмыс істеуге міндетті. Tele2 компаниясының қаржы есептерінің тұтастығы Tele2 компаниясының бизнесі үшін аса маңызды және біздің акционерлеріміздің батылдығы мен сенімін қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады. Tele2 барлық мәмілелердің тиісті түрде тіркелуін, жіктелуін және компанияда қолданылатын бухгалтерлік есеп қағидаттарына сәйкес жалпылануына кепілдік беру керек. Бизнес-әріптестер Tele2 қызметкерлерінен қаржы есептілігіне немесе бухгалтерлік құжаттарға кез-келген қаржылық немесе қаржылық емес мәміленің немесе кез-келген нәтиженің шынайы сипатын әдейі жасыратын, өзгертетін немесе бұрмалайтын қандай да деректерді енгізуін немесе одан қандай да деректерді өшіруін сұрауға құқығы жоқ.

## **Корпоративтік басқару**

Tele2 компаниясы корпоративтік басқарудың ашық және келіскен әдістерге шын сенеді және қолданыстағы әр географиялық нарықта қолданылатын нұсқауларды және стандарттарды ұстанады. Бұл Tele2 компаниясының барлық акционерлері мен ортақтастарының заңды мүдделерінің қорғанысын қамтамасыз етеді, және Tele2 өзінің бизнес-әріптестерінен де осы бағытта әрекет етуін күтеді.

## **Адамды құрметтеу**

### **Әділ жұмыс жағдайлары**

Tele2 компаниясы мен оның бизнес-әріптестерінің барлық қызметкерлері адамның негізгі құқықтарына ие, және бұл құқықтарды білу, түсіну, құрметтеу және барлығына бірдей қолдану аса маңызды. Ешбір адамға дене жазалары, физикалық, сексуалдық, психологиялық немесе вербалдық қудалау немесе зорлық әрекеттері жасалмауы тиіс. Мәжбүрлі еңбек, қанау, басыбайлы еңбекке қатаң тыйым салынған. Жұмысқа қабылдану үшін жалдамалы қызметкерлер депозиттер жасау немесе жеке басын куәландыратын құжаттардың түпнұсқаларын беруге міндетті емес.

Қызметкерлерді мемлекеттің заңнамасында белгіленген нормалды және мерзімнен тыс жұмыс сағаттарының шектерінен асыра отырып жұмыс істеуге мәжбүрлеуге болмайды. Мерзімнен тыс жұмыс уақыты заңнамада белгіленген минималдық бағалардан кем болмайтын бағамен төленуі тиіс. Барлық қызметкерлермен еңбекке орналасу шарттарын анықтайтын келісімшарттар жасалуы тиіс. Жұмыс күші ретінде жергілікті заңда анықталған минималдық еңбекке қабілетті жастан кіші, немесе жасы он беске (15) толмаған балаларды (осы мәндердің артығы таңдалады) қолдануға болмайды. Он сегізге (18) толмаған

қызметкерлер қауіпті және ауыр жұмыстарда қолданылмайды және түнгі ауысымдарда жұмыс істемейді.

## **Балаларды қорғау**

Балалардың құқығын қорғауды қолдай отырып, Tele2 компаниясы өз қызметкерлері үшін балаларды қорғау жөнінде нұсқаулық әзірледі. Tele2 қызметкерлеріне қандай да сексуалдық сипаттағы мақсаттармен балалармен кездесуге немесе байланысқа түсуге қатаң тыйым салынған. Сондай-ақ қандай да үлгіде болмасын балаларды сексуалдық сипатта қолдану секілді әрекеттер болып жататын барларға, мейрамханаларға және қонақүйлерге баруға тыйым салынады, ал кәмелетке толмаған балалардың сексуалдық сипатта қолданылуы жөнінде қандай да күмәндар болған жағдайда, бұл жөнінде дереу полицияға хабарласуға міндетті. Tele2 компаниясының дәл осы талаптары қызметкерлердің интернеттегі әрекеттеріне де таралады: оларға балаларды сексуалдық қорлау орын алып жатқан материалдарды ұстауға немесе іздеуге тыйым салынған.

Tele2 компаниясының бизнес-әріптестері Tele2 компаниясы үшін орындайтын жұмысқа қатысты тура сондай стандарттарды ұстану керек.

## **Алуан түрлілік және инклюзивтілік**

Tele2 компаниясы мен оның бизнес-әріптестерінің барлық қызметкерлері кемсітушілікке тартылмау құқығымен қорғалған. Олар этникалық тиістілігі, ұлты, діні, мүгедектігі, жынысы, сексуалдық бағдарлығы, некелік немесе ата-аналық мәртебесі, кәсіподаққа мүшелігі, саяси ұйымға тиістілігі немесе жасы бойынша белсенді немесе пассивті қолдау түріндегі кемсітушілікке тартылмауы керек.

Қызметкерлердің жұмысқа жалданған елдердің заңнарына сәйкес одақтарға еркін бірігу немесе келіссөздерді біріге жүргізу құқықтары ескерілуі және құрметтелуі тиіс.

## **Жалақы және сыйақы төлеу**

Tele2 компаниясының немесе оның бизнес-әріптесінің кез-келген қызметкерінің жалақысы, соның ішінде бүкіл міндетті жалақысы, жәрдемақысы және сыйақысы тиісті мемлекеттік заңда анықталған минималдық жиынтық жалақыдан төмен болмау керек. Барлық қызметкерлер бірдей жұмыс үшін бірдей ақы алуға, сондай-ақ мерзімді ақылы демалысқа құқылы.

## **Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы**

Еңбек қауіпсіздігіне Tele2 компаниясында аса көп көңіл бөлінеді, сондықтан компания жазатайым оқиғалардың және денсаулыққа зиян келтіру жағдайларының алдын алу мақсатында осы өндірістік ортаға тән қауіптіліктерді барынша азайтып және тиісті қауіпсіздік құралдарын ұсына отырып, адекватты шаралар қолданады. Tele2 өзінің бизнес-әріптестерінен де осыны күтеді.

## **Қоршаған орта**

Tele2 және оның бизнес-әріптестері жергілікті ортаға қатысты қолданылатын және тиісті бизнес секторына сәйкес келетін, қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар



2011 жылы қабылданды, соңғы редакциясы 2018 жылы жасалды.

мен қаулыларды орындауға міндетті. Қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайтатын жұмыс әдістерінің қолданылуын көтермелеу, және қоршаған ортаға әсер ететін кез-келген заттар мен үдерістерді пайдаланған кезде сақ болу қажет. Tele2 ресурстардың тұнылуын қысқарту бағытында белсенді жұмыс істей отырып және, осылайша, қоршаған ортаға тигізетін әсерді азайта отырып, тұрақты даму мен экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуге тырысады.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша Tele2 қолданатын шаралар Tele2 компаниясының Экологиялық стратегиясында анықталады. Бұл стратегияда біздің осы бағыттағы қызметіміз жан жақты сипатталған (2-қосымшаны қараңыз).

### **Бұзушылық туралы хабарламалар**

Бизнес-әріптестер осы Кодекстің мазмұны мен бағытын өз ұйымдарының қызметкерлеріне жеткізу, олардың Кодекстің барлық ережелерін түсінуі мен қолдануы үшін жауап береді; бұл ретте олар Кодекске сәйкес келмейтін мінез-құлықты тапқанын көтермелеуге тиіс. Шүбәлі әрекеттерді анық немесе анық емес мақұлдауға рұқсат берілмейді.

Қандай да адам Tele2 компаниясының немесе оның бизнес-әріптесінің аумағында осы Кодексті бұза отырып орындалатын қандай да әрекеттерге қатысты ақпарат алған немесе күмәні пайда болған бойда бұл жөнінде ақпарат беруге міндетті.

Корпоративтік ақпараттандыруға арналған арна арқылы мынадай жолдармен хабар беруге болады:

- [report.violation@tele2.com](mailto:report.violation@tele2.com) мекенжайына электрондық хабарлама жіберу;
- хат жазып, оны мына мекенжай бойынша жіберу: Tele2 Whistle Blower, Group Security, Torshamnsgatan 17, SE-164 40 Kista Sweden;
- +46 701 620 062 телефонына хабарласу.

Хабарламаларды Tele2 компаниясының директорлар кеңесі мен қауіпсіздік бөлімінің жауапты тұлғалары қабылдайды. Бұзушылықтар жөнінде ақпараттандыру барысы жөнінде (мысалы, дәл қай жауапты тұлғалар хабарламаларды қабылдайтыны туралы өзекті ақпарат Tele2.com сайтында келтірілген.

«Домалақ» хабарламалар да қабылданады, бірақ қандай да байланыс ақпаратын қалдырған абзал.

### **Орындалуын бақылау**

Осы Кодекстің орындалуын Tele2 AB компаниясының директорлар кеңесі және басқарушылар тобы бақылайды.

## **1-қосымша Іскерлік әдеп кодекстің негізгі қағидаттары**

Осы Кодекс Біріккен Ұлттар Ұйымының Ғаламдық шартында (UNGC) көрсетілген он<sup>1</sup> қағидатқа негізделген.

БҰҰ Ғаламдық шарты компанияларды адам құқықтары, еңбек стандарттары, қоршаған орта және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет саласындағы негізгі құндылықтарды қабылдауға, қолдауға және, әсер ете алатын аяда насихаттауға шақырады.

### **Адам құқықтары**

1 қағидат: Компаниялар халықаралық ауқымда жарияланатын адам құқықтарын қолдауы және қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс;

2 қағидат: Компаниялар адам құқықтарының бұзылмауын қадағалап тұруы тиіс.

### **Еңбек стандарттары**

3 қағидат: Компаниялар ұжымдық шарттар жасасу құқығының шынайы мойындалуын және қоғамдастық құру еркіндігін қолдауы тиіс;

4 қағидат: мәжбүрлі еңбектің барлық түрлерін жоққа шығару;

5 қағидат: бала еңбегінен жаппай бас тарту; және

6 қағидат: жұмысбастылық пен жұмысқа қабылдауға қатысты кемсітушілікті жою.

### **Қоршаған орта**

7 қағидат: Компаниялар экологиялық мәселелер бойынша алдын-алу тәсілдемесін қолдануы тиіс;

8 қағидат: бұдан да үлкен экологиялық жауапкершілікті ынталандыру бойынша бастамалар жасау;

9 қағидат: қоршаған орта үшін зияны жоқ технологиялардың дамуын қолдау және тарату.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет**

10 қағидат: Компаниялар қандай да үлгіде болсын, сыбайлас жемқорлыққа, соның ішінде бопсалаушылық пен парақорлыққа қарсы әрекет жасауы тиіс.

---

<sup>1</sup> БҰҰ Ғаламдық шартының қағидаттары әмбебап бәтуаластыққа негізделген және мына құжаттардан алынады:

- Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы;
- Дүниежүзілік еңбек ұйымының (ДЕҰ) еңбек етушілердің негізгі қағидаттары мен құқықтары туралы декларациясы;
- қоршаған орта және даму бойынша Рио-де-Жанейро декларациясы,
- БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша конвенциясы.

## **2-қосымша Экологиялық стратегия**

### **Кіріспе**

Tele2 компаниясы бизнесті экологиялық түрде жүргізуді ұзақ мерзімді рентабельділіктің қажетті шарты деп біледі. Tele2 компаниясы ұсынатын өнімдер мен қызметтер дүниежүзіндегі экологиялық тұрақтылықтың ұлғаюына өз үлесін қосады, себебі цифрлық технологияларға өту қоршаған ортаға тигізетін әсердің төмендеуіне жағдай жасайды.

Біз үшін қызметімізден қоршаған ортаға тигізетін әсерді барынша азайту өте маңызды. Бұл барлық бөлімшелеріміздің жұмысындағы және біздің күнделікті қызметіміздегі бірінші дәрежелі міндеттердің бірі болып табылады. Бизнесіміздің барлық құрамдас бөліктерінде экологиялық факторлардың есебін жүргізуге кепілдік беру үшін біз осы экологиялық стратегияны қабылдадық.

### **Экологиялық стратегияның қолданылу аясы**

Tele2 ұсынатын тауарлар мен қызметтер бизнес жүргізудің экологиялық нормаларына сәйкес шығарылуы мен көрсетілуі маңызды. Tele2 Экологиялық стратегия ұйымның барлық деңгейлерінде, соның ішінде барлық еншілес кәсіпорындарда және жеткізушілерде және Tele2 үшін тауар өндірушілерде (тауарларды да, қызметтерді де жеткізушілер) қолданылатынына үмітті. Бастапқы өндірістік-өткізу тізбегіне сатып алу бөлімдеріне арналған тауарлар мен қызметтердің жеткізушілері кіреді. Екінші деңгейдегі өндірістік-өткізу тізбегіне сату бөлімдері мен сауда кәсіпорындарынан бастап ақырғы тұтынушыларға дейінгі сатылар және қызметтер мен өнімдердің өмірлік циклін аяқтайтын ұйымдар кіреді.

### **Құқықтық нормалардың орындалуы**

Tele2 жұмыс істейтін әр елдің жергілікті заңдары мен ережелерін сақтайды. Бұл Экологиялық стратегия минималдық талаптар белгілейді. Егер жергілікті немесе ұлттық заңдардың, нұсқаулықтардың немесе ережелердің баптары қоршаған ортаны қорғауға қатысты бұдан да қатаң ережелерді белгілесе, олардың заңды күші басымырақ болып саналады.

### **Стратегия**

Tele2 бизнес жүргізудің экологиялық ынтымақты әдістері мен технологияларының дамуына жағдай жасайды. Бұл біздің қоршаған ортаға тигізетін әсерді басынан бастап барынша азайтуға тырысып, барлық операциялар кезінде мұндай әсердің ауқымын азайтуға әрекет жасайтынымызды білдіреді.

### **Ескертпелі тәсілдеме**

Tele2 экологиялық мәселелерді шешудің ескертпелі тәсілдемесін ұстана отырып, мұндай жолмен қоршаған ортаға тигізетін әсерді барынша азайтады. Tele2 өзінің сатып алу қызметінде өз жеткізушілерінен Мінез-құлық кодексіне қол қоюы мен оның талаптарының орындалуын талап етеді.

### **CO<sub>2</sub>-нің шығарылуы**



2011 жылы қабылданды, соңғы редакциясы 2018 жылы жасалды.

Біз қызметіміздің персоналдың келіп-жетуі, көлік және өндіріс секілді, CO<sub>2</sub>-нің шығарылуына байланысты барлық салаларына қатаң талаптар қоямыз. Tele 2 әрдайым және әр жерде жылыжай газдарының шығарылуын азайтуға бар күшін салады. Біз клиенттерімізге CO<sub>2</sub>-нің шығарылу деңгейін төмендетудің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін қызметтерді ұсынамыз. Біз әріптестеріміз бен клиенттеріміздің көмегімен көмірқышқыл газының шығарылуынан болатын әсердің ауқымын азайтуға және осылайша климаттың өзгеруіне қарсы тұруға тырысамыз.

### **Энергия тұтыну**

Tele2 энергия тұтынуды азайтуға бағытталған стратегияны жариялады. Энергия тұтыну мұқият бақылануы, өлшенуі және жариялануы тиіс.

### **Табиғи ресурстар**

Әрдайым және әр жерде табиғи ресурстарды құнттап пайдалану және экологиялық зиянды заттарды барынша сақтықпен ұстау керек.

### **Қалдықтарды кәдеге жарату**

Tele2 материалдар мен бұйымдарды қайта өңдеу және қайталап пайдалану мәселелеріне өте мұқият қарайды. Қажетсіз электр және электрондық жабдық компанияның шегінде басқа мақсаттар үшін қолданылуы немесе басқа ұйымдарға сатылуы тиіс. Тозған, ескірген жабдықты заңнама талаптарына сәйкес кәдеге жаратып, мүмкіндігінше қайта өңдеуге жіберу керек.

### **Ашылуы және жабылуы**

Tele2 компаниясы сезімтал аймақтарында мачталар мен толқынжималардың визуалдық "араласуын" шектейді. Сақтық қағидатын ұстана отырып, компания барлық өндірістік алаңдар мен желілерді ашқан және жапқан кезде экологиялық аспектілерге көптеп көңіл бөледі. Біз тиімді ресурстық және экологиялық ынтымақты қызметтерді әзірлеу, ілгері жылжыту және енгізу, сондай-ақ біздің қызметімізден қоршаған ортаға тиетін әсерді азайтуға бағытталған шараларды қолдану арқылы экономиканың ғаламдық тұрақтылығына жағдай жасаймыз.